




Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген
(Директорлар кеңесі отырысының 25.12.2020 ж. №3 хаттамасы
"Павлодар педагогикалық университеті" КЕАҚ)



САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі педагог кадрларды сапалы даярлау болып табылады. 2019 жылы қабылданған маңызды құқықтық актілердің бірі "Педагог мәртебесі туралы" Заң мұғалім мамандығының беделін арттыруды ғана емес, педагог кадрларды даярлау сапасын арттыруды да көздейді. Бұдан басқа, ҚР Үкіметінің Қаулысымен ҚР білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды. Осы екі негізгі құжат білім беру жүйесін дамытудың жаңа кезеңін белгіледі, сонымен қатар жоғары педагогикалық білімге ерекше назар аударылды.

ППУ педагогикалық жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінде жетекші орын алады. ЖОО-ның жетістіктері мемлекеттік аттестаттаудан, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өткенін растайды. ЖОО-ның басты міндеті болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

ППУ миссиясы: ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Педагогикалық элитасын қалыптастыру.

Пайымдауы: "ППУ" КЕАҚ-Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтері нарығында педагог кадрларды даярлау бойынша көшбасшы.

Университеттің басым құндылықтарының қатарына, оның инновациялық дамуының кепілгерлеріне ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері, білім алушылары, түлектері жатады. ППУ инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, болашақ педагогтердің іргелі және кәсіби даярлығын үйлестіре отырып, қалыптасқан тәсілдерді сақтайды және дамытады, ғылымның дамуына және оның оқу процесіне интеграциялануына жәрдемдеседі, стейкхолдерлермен, басқа да жоғары оқу орындарымен, өңірдің билік органдарымен және жұртшылығымен

әріптестік байланыстарды дамытады, халықаралық білім беру жүйесіне интеграциялануды жүзеге асырады.

Жоғарыда баяндалғанға сәйкес университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатының негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- аймақ мүддесіндегі жұмыс;
- инновациялық қызмет;
- КЕАҚ трансформация жағдайында университеттің академиялық және қаржылық дербестігін дамыту;
- халықаралық нарыққа шығу, коллаборация және серіктестік механизмдері арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету саласында ЖОО-мен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық орнату;
- университет түлектерінің әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ету.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы ППУ саясаты заманауи менеджмент пен сапалы HR енгізуге, білім беру бағдарламаларының проактивті менеджментін іске асыруға, ғылыми зерттеулерді жетілдіруге және инновациялық идеяларды коммерцияландыруға, білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға, инфрақұрылымды, қаржылық менеджментті дамытуға, университет мәртебесін сақтай отырып, бейімделу мен проактивтілікке, үздік білім беру және басқару практикасына бағдарлануға бағытталған.

ППУ 2020-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді өз міндетіне алады.

Құндылықтар: Көшбасшылық, Ынтымақтастық, Патриотизм, Парасаттылық, Гуманизм, Азаматтық ұстаным.